**«Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің « №5 жалпы білім беретін мектебі»КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысы**
**хаттамасы №4**

Өткізілген күні: 13.01.2023
Қатысқандар: мектеп директоры,директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,әлеуметтік педагог,қамқоршылық кеңесі мүшелері,ата-аналар комитеті,мүшелері
Күн тәртібінде:
Тыңдалды:
1. "Тәрбие мектебі - отбасы"
2. «Оқушыларға қатысты зорлық зомбылық және қатыгез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесі мүшесі Кенжебекова А.М,тәрбие ісінің орынбасары Шакижанова А.К Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру, жанұядағы ата - ана және бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ата - анаға деген бала махаббатын ояту, мектеп, ұстаз, ата - ана бірлігін нығайту, отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» тақырыбындағы баяндамасында бала тәрбиесі, оның жан - жақты дамуы бағытында өз ойларын ортаға салды. Отбасы – адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, сол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Әке шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер - азаматқа жүктеледі. Әйел – отбасының ұйтқысы. Баланы өсіп тәрбиелеу - ата - ана міндеті. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі - өнеге жиынтығының жемісі екендігін айта келе, үштік одақтың жұмысына тоқталды.
Күн тәртібінідегі екінші мәселе бойынша «Оқушыларға қатысты зорлық зомбылық және қатыгез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру» бойынша мектеп оқушыларымен жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қазіргі уақытта төрткіл дүниеде ата - аналардың және өзге де ересектердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі, оларды агрессияға тартуы, кәмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетулері проблемаға айналып отырғандығы туралы ақпарат берді және мектепте 8-11 сынып оқушыларымен өткізілген іс-шаралар және мектеп инспекторымен өткізілген кездесулердің жиі ұйымдастырылып отыратындығы туралы айтып өтті.

Сканировано с CamScanner

Шешім: 1.Оқушыларға қатысты зорлық зомбылық және қатыгез қарау проблемасы бойынша алдын-алу жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
2.Мектептегі үштік одақтың (мұғалім,ата-ана,оқушы) жұмысы жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Каипбергенов Б.К
Қамқоршылық кеңес мүшелері:
Нуркайланова С.С
Нокербекова А.К
Шоянов Қ.О
Кәрім Н.М
Макметов К.К
Ахметжанова И.К
Кенжебекова А.М
Каримова А.Е

Сканировано с CamScanner